

Бала-деген бір бақыт

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Барысы:

- Танысу жаттығуы
- Сауалнама
- Сөйлемді аяқта
- Тілек

Психолог: Қош келдіңіздер, құрметті ата-аналар. Бала-балдан тәтті. Қазақ халқы ұлы бар үйді қуатқа, қызы бар үйді шуаққа теңеген. Оларға бар мейіріммен қарап, өсіп-жетілдірген. Біздің келешегіміз, болашағымыз саналатын балалар Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингімізді бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамастан бұрын өзімізді таныстырып өтейік.

1. "Танысу жаттығуы"

Ата-аналар өз есімдерін және баласының есімін айтып өз баласының бойындағы жақсы қасиеттерді атап айту.

2. Әріптер сөйлейді. Ата-аналарға әріптер беріледі және сұрақтар қойылады. Сұрақтардың жауабы өз қолындағы әріптен басталу керек.

Балабақшаға немен келдіңіз?

Жақсы көретін түсіңіз қандай?

Қандай тағамды жақсы көресіз?

Балаңызды қалай еркелетесіз?

Қолыңызға ақша түссе бірінші не аласыз?

Сізге не ұнайды?

Сіздің үйде кім бастық?

Қандай аңды ұнатасыз?

Адамның қай ерекшелігін бағалайсыз?

Жасыңыз нешеде?

Сізге қай қала ұнайды?

3. Сауалнама. Барлық ата-аналарға сауалнама беріледі. Сауалнамаға толық жауап беріп, бағалайды. Сауалнамадағы жауаптардың мазмұнын ашу шарт.

№	Сауалнама	Жоқ-0	Анда-санда-5	Үнемі-10
1	Балаңыз достарымен бірге қарым-ұатынасын қадағалайсыз ба?			
2	Балаңыздың бойынан қызғаншақтық сезімін байқайсыз ба?			
3	Өз балаңыздың тәрбиесінде өзге адамның пікірін тыңдайсыз ба?			
4	Отбаслық жағдайға байланысты балаңызға қол көтерген кезіңіз болды ма?			
5	Балаға өтірік сөйлейсіз бе?			
6	Қазақ ертегілерін оқып бересіз бе?			
7	Балаңызға берген уәдені орындайсыз ба?			
8	Балаңызбен бірге серуенге шығасыз ба?			
9	Ұялы телефондағы ойындарын қадағалап отырасыз ба?			
10	Балаңызды өзге балалармен салыстырасыз ба?			
Барлық ұпай				

3. Бақыт деген....? Әр ата-ана өз пікірін жазады.

4. Алтын уақыт. Үй тапсырмасы. Ата-аналарға үйде кешкі уақытта балаңызбен бірге отырып, түрлі-түсті қағазды пайдаланып үй жасап келу берілді. Балаңызбен бірге үй жасау барысындағы сәттерді қағаз бетіне жазып түсіру қажет.

Қорытынды. Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі,

Көңіліне көп жұбаныш.

Гүлденіп ой-өлкесі,-деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю,оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар,қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам өмірде кесдескен қиындықтарға бар күшін төзе білу керек. Балаға кішкентайынан бастап түзу тәрбие беру керек. Бала тәрбиесіне уақытылы көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен балабақша өзара тығыз байланысты болса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып өседі. Адам өмірінің мәні өзінің өсіріп отырған балапандарында. Сондықтан да өз байлықтарымызға көп көңіл бөлуіміз қажет.



Бекітемін

"Балдырған" бөбекжай-
балабақша меңгерушісі

Т. Бимырзаева

"12" *ноябрь* 2022ж

Менің балапаным

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Пайдаланған ресурстар: қорапша, құрсау, қағаз-қалам, лента, түрлі-түсті доптар.

Қатысушылар: балабақша ата-аналары

Тренинг ережесі:

1. Белсенді қатысу
2. Тыныштық сақтау
3. Бірін-бірі тыңдау
4. Өз ойын ашық айту

Өткізілу барысы:

1. "Танысу" жаттығуы
2. "Ой бөлісу" пікір алмасу
3. "Балалық шаққа саяхат" жаттығу
4. "Доптарды қорапшаға орналастыр" жаттығу
5. "Біз біргеміз" жаттығуы
6. "Жүрктен-жүрекке" ашық хат

Психолог: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Бүгін біздің "Менің балапаным" атты тренингімізге қош келдіңіздер! Ата-ана үшін баласының жақсы адам болуы, дені сау болуы, еңбексүйгіштігі, болашағының жарқын болуы өте маңызды. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуде ата-ана өз көңіл күйінің дұрыс болуына мән берген жөн. Себебі сіз кішкентай деп ойлаған бала өз анасының көңіл күйін бірден сезеді. Баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бір-бірін дұрыс түсінуге апаратын жол. Тренингімізді бастамас бұрын өзімізді таныстырып өтейік.

1. "Танысу" жаттығуы

Ата-аналар өз есімдерін және қандай мамандықты жақсы көретіндіктерін, қандай іске қызығушылықтары бар екендіктерін атап айту керек.

2. "Ой бөлісу" пікір алмасу

Қорапшадағы сәйкес келген сөздер арқылы ата-аналардың ой-пікірлерімен бөлісу.

1. Алдымен амандасып алайық.
2. Баланы қалай мактау керек?
3. Балаңызды күніне неше мәрте құшақтайсыз?

4.Өзіңізге аффирмация жасайсыз ба?

5. Балаңыздың болашағын қалай ойлайсыз?

6. Баршаңызға ақ тілегімді арнаймын.

3. "Балалық шаққа саяхат" жаттығу

Ата-аналарға белгілі бір сурет беріледі. Сол суреттегі сандарға карап, түстерін тауып бояп шығу қажет. Берілген уақыт шектеулі болады.

4. "Доптарды қорапшаға орналастыр" жаттығу

Ата-аналар түстер арқылы екі топқа бөлінеді. Топтағы екі адам өздеріне берілген доптарды лентаның көмегімен кедергілерден өте отырып қорапқа салу қажет. Қалған топ мүшелері лентаға доптарды лақтырып орналастырады.

5. "Біз біргеміз" жаттығуы

Барлық ата-аналар ойынға қатысады. Жерде жатқан құрсауларды өз кезегімен айналып шығу қажет. Ең бірінші қатысушы шығып әуен арқылы құрсаулардан секіріп айналып өтеді. Қалған қатысушылар кезек-кезек сол қимылдарды орындайды. Ойын соңында қатысушылардың қимылдары бірдей болуы шарт.

6. "Жүрктен-жүрекке" ашық хат

Әр ата-ана өз балпандарына арнап ашық хат жасайды. Жүрек түкпіріндегі ақ тілектерін жазады.

Қорытынды: Бала бір әлем. Оның да өз құпиясы, өз сыры, өз қуанышы мен күйініші бар. Ол өз әлеміне кез-келген адамды жібере алмайды. Бала тәрбиесі ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Ендеше ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.



Жанұя бақыты

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым - қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Барысы:

Танысу жаттығуы

Жанұя бақыты жаттығуы

Сөйлемді аяқта әдістемесі.

Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) Гүлдің оянуы

Саусақ ойыны Жұдырық - алакан - қабырға.

Тілек шамы. (Қорытындылау)

Психолог: Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Отбасы - Адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі тренингімізге қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп балабақшаға келе беріңіздер демекпіз! Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамастан бұрын өздерімізді таныстырып өтейік.

1. «Танысу» жаттығуы

Ата - аналар өз есімдерін және баласының есімін айтып өз баласының бойындағы жақсы қасиеттерді атап айту.

2. Жанұя бақыты жаттығуы.

Мақсаты: Ата - ананың бала тәрбиесіндегі қарым — қатынасы туралы түсініктер беру арқылы ата - аналардың білімін көтеруге көмектесу.

Жаттығудың шарты: «Бақытты жанұя» моделін құру. Яғни, ата - ана өзінің отбасын салу және отбасы бақытын сурет арқылы көрсетіп, суреттің жан жағына отбасы сөздері арқылы жеткізу керек.

3. «Сөйлемді аяқта» әдістемесі.

— Мен өз отбасымды жақсы көрем, себебі....

— Отбасы бұл...

— Отбасым бақытты болу үшін...

— Отбасымда зорлық — зомбылыққа жол жоқ, себебі...

— Мен қалар едім отбасымның...

4. Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) «Гүлдің оянуы»

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіп көріңіздер. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап - таза, жап - жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі - түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің баланыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Көзіңізді жұмып осы гүлдің елестетіңіздер. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің иsін иіскейміз. Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, ата - аналар ақ паракка гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой - пікірлерін айтады.

5. Саусақ ойыны « Жұдырық - алақан - қабырға».

Жүрілу барысы: Қатысып отырған ата - аналардың балаларын ортаға шақырып, өздерімен бірге саусақ жаттығуларын жасау.

6. «Тілек шамы». (Қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

Психолог: «Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балалар арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан -

жакты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір - бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Мен былай дегім келеді.

Әлемнің бір адамы ретінде

Ақ жүрегіммен сөз беремін

Өзіме, жанымдағыларға

Күннің шуағын, гүлдің нәзіктігін сыйлаймын.

Қаранғыны нұрландырамын,

Суықты жылытамын.

Дәл қазір маған қиын болғанмен жасымаймын,

Әр күні өзімнің жан дүниемді

Тазартуға тырысамын.

Менің жүрегім қуанышқа, махаббатқа,

Мейірімге бөленеді.

Келер күннің шұғылалы боларына сенемін,

«Мен қатігездікке қарсымын» дегім келеді.

Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!